

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің І-Вице-президенті,
профессор _____ Женгиз Томар
«_____» _____ 20__ ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің президенті,
профессор _____ Б.Абдрасилов
«_____» _____ 20__ ж.
Сенат мәжілісінің шешімі №6 хаттама
05 ақпан 2019ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ
УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

УЕ-ХҚТУ- 030-2019

**Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу
ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов
 - Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы М.Жолшибекова
 - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Булент Шен
 - Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы Г.Балкибаева
3. Келісілді
 - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент У.Умбетов
 - Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице президент Ш. Есимова
 - Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
 - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
 - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ
 - 2019 ж.
5. Тексерілу мерзімі
 - 2021 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 2 - беті

Түркістан

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Жалпы ережелер	4
5	МББББ құрылымы	5
6	МББББ әзірлеу тәртібі	5
7	МББББ құраушыларының мазмұнына қойылатын талаптар	6
8	МББББ рәсімделуіне қойылатын талаптар	8
9	МББББ әзірлеу және бекіту тәртібі	8
10	Жауапкершілік және өкілеттілік	9
11	Келісу, сақтау және тарату	9
12	Қосымша А	10
13	Қосымша Б	17
14	Өзгерістер тіркеу парағы	22
15	Танысу парағы	23

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 3 - беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) білім беру бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте білім беру бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, университетте білім беру бағдарламасының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптар мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын дайындайтын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-030-2019 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңы (04.07.2018 №171-VI жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен)

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;

- Еуропалық Парламент пен Кеңесінде 2008 жылы 22 сәуірде қабылданған «Еуропалық біліктілік шеңбері»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі №444 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м бірлескен бұйрығымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы 13.10.2018ж. ҚР БЖҒМ № 569 бұйрығымен бекітілген;

- Университет Жарғысы;

- Регламенттер;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 4 - беті

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Құзыреттер – бұл белгілі саладағы нәтижелі іс-әрекет үшін білімді, білікті және жеке тұлғалық сапаларды қолдана білу қабілеті;

Білім беру бағдарламасы – білім беру/оқыту нәтижелерін анықтайтын және оған конструкцияланған (құзыреттерге негізделген) білім беру бағдарламалары құралдарымен жетуге бағытталған білім беру моделі;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі;

МЖБС	- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
Департамент	- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
СЖРСО	- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы;
БББӨО	- Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық;
ЖБКББӨ	- Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығы;
ЖКББ	- Жоғары кәсіптік білім беру;
ҚНББ	- Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы;
ББББ	- Бағыты бойынша білім беру бағдарламасы;
ОӘК	- оқу-әдістемелік кешен;
ЖҚ	- жалпы мәдени құзыреттер;
КҚ	- кәсіби құзыреттер;
ЖН	- жұмыс нұсқауы;
СМЖ	- сапа менеджмент жүйесі;
МЕ	- мемлекеттік емтихан;
НОЖ	- негізгі оқу жоспары.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Ереже нақты мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасы жоғары кәсіптік білім берудің құзыреттерге негізделген бағдарламасын жүзеге асырудағы мазмұны мен жалпы ұйымдастыру-әдістемелік талаптарды анықтаушы негізгі құжат болып табылады.

4.2 Құзыреттерге негізделген БББС жоғары кәсіптік білім беретін МЖБС, салалық стандарттарға, кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базаларына, арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен қалыптасқан Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілердің, бітірушілердің талаптарына сәйкес әзірленеді.

4.3 МББББ құрастыру, мазмұндау және рәсімдеу «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына» сәйкес болуы қажет.

4.4 Жоғары білім мамандықтары шеңберінде университет Ұлттық біліктілік аясында, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне үйлестірілген МББББ өз бетінше әзірлейді.

4.5 МББББ - университетте дайындық (білім беру бағдарламасы) бағыты (бакалавриат, магистратура, докторантура, резидентура) бойынша жүзеге асырылатын еңбек нарығы (жұмыс

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 5 - беті

берушілердің), бітірушілердің талаптарын, Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелерін, мамандық бойынша МЖБС нұсқауларын қамтыған құжаттар жүйесі болып табылады.

4.6 МББББ мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру үдерісі мазмұнын және жүзеге асыру технологиясын, дайындық (білім беру бағдарламасы) бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді.

5 МББББ ҚҰРЫЛЫМЫ

Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасының құрылымы:

- 5.1 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламалары
- 5.2 Жұмыс тобы құрамы, жұмыс берушілер
- 5.3 Білім беру саласының коды және атауы
- 5.4 Даярлау бағытының коды және атауы
- 5.5 Берілетін академиялық дәреже
- 5.6 Оқу мерзімі
- 5.7 Оқу тілі
- 5.8 Мамандық даярлығы жүзеге асырылатын факультет атауы
- 5.9 Бағдарламаның мақсаты
- 5.10 Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар
- 5.11 Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар
 - 5.11.1 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламалары
 - 5.11.2 Бакалавр, магистратура, докторантура, резидентура құзыреттері
 - 5.11.3 Білімгерлердің меңгеретін құзыреттері, оқыту нәтижелері және бақылау формалары мен әдістері (технологиялық карта)
 - 5.11.4 Қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы
 - 5.11.5 Құзыреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелер
 - 5.11.6 Білім алушылардың оқыту нәтижелерін меңгеру деңгейі
 - 5.11.8 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы модульдері
 - 5.11.9 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы оқыту әдістері мен технологиялары
 - 5.11.10 Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін бағалау

6 МББББ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1 МББББ әзірлеу барысында факультет (кафедра) болжамды дайындық бағыты бойынша ЖКББ, ҚНББ салаларын және мамандануын анықтайды, университеттің академиялық комитетте талқыланып, бекітіледі.

6.2 Факультет деканы факультетте жүзеге асырылатын ББББ әзірлеу және құрастыру үшін жұмысшы тобы жөніндегі өкім шығарады.

6.2.1 Жұмыс тобына жалпы басшылықты факультет деканы жүзеге асырады.

6.2.2 Жұмыс тобы құрамына мамандықты шығаратын кафедра меңгерушісі, білікті оқытушылар, факультеттің академиялық комитет мүшелері енеді.

6.2.3 МББББ әзірлеу кафедрада БББӨО қызметкерлерімен және ЖБКББО қызметкерлерімен бірге жүзеге асырылады және олардың тұрақты бақылауында болады.

6.2.4 Жұмыс тобы дайындық бойынша олардың өзгешеліктерін, ғылыми мектептің ерекшеліктерін, еңбек нарығының сұранысын ескерумен бағдарламаның басты мақсатын, ҚНББ мақсатын анықтауы қажет.

6.2.5 Егер МББББ әзірлеу кезінде оқу жоспарына жаңа пән енгізу және ол бойынша ОӘК құрастыру туындаса, жұмыс тобы оқу пәні бойынша Академиялық комитет кеңес жөніндегі Ережені басшылыққа алуы қажет.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 6 - беті

6.2.6 Университет академиялық комитетте МББББ бекіту үшін жұмыс тобы кафедра атынан қызмет хатпен шығады.

6.3 МББББ дайындық бағыттары мен салалары бойынша жеке дайындалады.

6.4 МББББ оқу үдерісіндегі қажеттіліктерге байланысты әрбір оқу жылында негізгі оқу жоспарында анықталған модульдердің (пәндердің) ОӘК мазмұны, оқу және өндірістік практика бағдарламалары, ғылым, техника, мәдениет, экономика, технология және әлеуметтік саланың дамуы есебінен білім беру технологияларына сәйкес жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік материалдар құрамының бөлігіне байланысты жаңартылады.

6.6 МББББ мазмұнына енетін құжаттар кешенінің әзірленуіне, қалыптастырылуына және сақталуына білім беру бағдарламасын шығаратын кафедра (факультет) жауапты болып табылады.

7 МББББ ҚҰРАУШЫЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Білім беру бағдарламасының коды және атауы

7.1.1 Кафедра жауапты болып табылатын, университетте даярланатын білім беру бағдарламасының коды мен атауы ҚР БҒМ бекіткен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне байланысты жазылады.

7.2 Берілетін академиялық дәреже

7.2.1 ҚНББ толықтай орындағаннан кейін білім алушының алатын академиялық дәрежесі ЖБМЖМС және мамандықтың МЖБС сәйкес келетін академиялық дәреже жазылады.

7.3 Оқу мерзімі

7.3.1 ҚНББ меңгеру мерзімі дайындық (білім беру бағдарламасы) бағыты бойынша ЖБМЖМС және университеттегі білім беру бағдарламасы бойынша лицензияға сәйкес нақты оқыту формалары үшін жылмен көрсетіледі.

7.4 Оқу тілі

7.4.1 Университетте дайындалатын мамандық (дайындық) бағыты мен бейіні жүзеге асырылатын оқыту/оқу тілдері көрсетіледі.

7.5 Мамандық даярлығы жүзеге асырылатын факультет атауы

7.5.1 Университетте дайындалатын білім беру бағдарламасы (дайындық) бағыты мен бейіні жүзеге асырылатын факультет атауы көрсетіледі.

7.6 Білім беру бағдарламасы даярлаушы кафедра атауы

7.6.1 Дайындық бағыты (білім беру бағдарламасы) бойынша іс-құжаттарға, ҚНББ және бейіндік бағыты бойынша оқу-тәрбие, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты кафедра атауы көрсетіледі.

7.7 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

7.7.1 МББББ білім алушының жеке тұлғалық сапасын дамытуды, сондай-ақ, дайындық (білім беру бағдарламасы) бағыты бойынша ҚНББ талаптарына сәйкес жалпы мәдени әмбебап (жалпығылыми, әлеуметтік-жеке тұлғалық, инструментальды) және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды мақсат етеді. Білім беру/оқыту саласындағы сияқты ҚНББ мақсатын қалыптастыру білім алушылар тобының сипаттамасына, еңбек нарығы сұраныстарына, ББББ нақты өзгешелігіне сәйкес жүзеге асады.

7.8 Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар

7.8.1 Бакалавриат білім беру бағдарламалары үшін талапкердің жалпы орта (толық) білімі немесе орта кәсіптік білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты болуы қажет. Ұлттық бірыңғай тест нәтижелерінен көрсеткіші белгіленген мөлшерден жоғары болуы және оны растайтын құжаты болуы тиіс.

Магистратураға түсетін университеттің түлектері білім беру бағдарламаларының топтары үшін кешенді тест тапсырады, олар шет тілінен тестін, білім беру бағдарламаларының кәсіби тестін, оқуға дайындықты анықтауға арналған тесттен тұрады. Магистратураға ағылшын тілінде білім алушылар білім беру бағдарламаларының топтары үшін кешенді ағылшын тілінде тест тапсырады және қазақ немесе орыс тілдерінде оқуға дайындықты анықтайтын (таңдау бойынша) тестілеуден

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 7 - беті

өтеді. Магистратураға қабылдау жоғары білім берудің білім бағдарламаларын меңгерген тұлғалардың оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын магистратураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

Докторантураға «магистр» дәрежесін алған және кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесі бар адамдар қабылданады. Докторантураға үміткерлер шет тілін білетіндігін дәлелдейтін жалпы еуропалық құзыреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес келетін халықаралық сертификаттарды ұсынады. Докторантураға оқуға түсу емтиханының қорытындысы бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

7.8.2 Дайындық (білім беру бағдарламасы) бағыттарының ерекшеліктеріне сәйкес кейбір бакалавариат (білім беру бағдарламасы) бағдарламасы бойынша оқытуға қабылдау кезінде шығармашылық емтихандар өткізілуі мүмкін.

7.8.3 Жоғары кәсіби білімі бар тұлғалар үшін және магистрлік, докторлық бағдарламаны меңгерушілер үшін оқуға түсу тапсыратын сынақ емтихандары нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының бағыты бойынша магистрлік, докторлық бағдарламаны меңгеру үшін қажетті құзыреттерді түсушілерде анықтау мақсатында сынақ тапсырмаларын университеттің өзі әзірлейді.

7.9 Күтілетін оқыту нәтижелері

Білім беру бағдарламасын бітіргендегі маманның білімі, білігі мен жеке басының сапалық қасиетінің сұлбасы сипатталады.

Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар білім беру мазмұнына сәйкес болуы және жалпыланған басты оқыту нәтижелері көрсетіледі.

7.9.1 ҚНББ меңгеру үдерісінде бітірушілерде қалыптастырылатын құзыреттер дайындық (мамандық) бағыты ЖБМЖМС Ұлттық біліктілік шеңберіне, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының профстандарттарға, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген/сәйкестендірілген білім беру бағдарламалары, жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде анықталады.

Жоғары кәсіби білім беруде қалыптастырылатын құзыреттер: кәсіби міндеттерді шешумен тікелей байланысты емес, бірақ кәсіби іс-әрекеттің сәттілігін қамтамасыз ететін – жалпы мәдени (жалпы, әмбебап) және оқытудың білім саласының ерекшелігімен тығыз байланысты пәндік-мамандандырылған құзыреттер көрсетіледі.

Жалпы мәдени құзыреттер

Жалпы мәдени құзыреттер топтамасы дайындық бағыты бойынша барлық мамандықтар үшін жалпы болып табылады немесе болуы мүмкін. Жалпы мәдени құзыреттердің құрамында инструментальды, жеке тұлғалық, жүйелілік құраушылар болады.

7.9.2 Кәсіби (жалпыкәсіби, пәндік) құзыреттер

Кәсіби құзыреттер мамандықтың іс-әрекет бағытымен байланысты анықталады.

Құзыреттерге сәйкес оқыту нәтижелері пәннің жұмыс бағдарламасында (УЕ-ХҚТУ-028-2018) және элективті пәндер каталогінде (УЕ-ХҚТУ-017-2018) ашылып жазылады.

7.9.3 Құзыреттілікке бағдарланған оқытудың соңғы нәтижелері үш құраушыға сәйкес көрсетіледі: білімдік, іс-әрекеттік және құндылық құраушылар саласы. Сондай-ақ, оқыту нәтижелері мамандық бойынша меңгеру деңгейлеріне сәйкес жазылады. Олардың нақтылануы пәннің жұмыс бағдарламасында (УЕ-ХҚТУ-028-2018) жүзеге асырылады.

7.10 ҚНББ модульдері

ҚНББ құрылымдық элементі НОЖ модульдер және оларды құраушы модульдер (пәндер) атауы, мазмұны және кредиттер мөлшері көрсетіледі. Модульдерді қосымша А-ға сәйкес рәсімдейді.

7.11 Қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы

7.11.1 МББББ жобалауда талап етілетін құзыреттерге және оларды қалыптастыратын ҚНББ құраушы модульдерге және пәндерге сәйкестікте матрицасы әзірленеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 8 - беті

7.11.2 Қалыптастырылатын құзыреттердің басым көпшілігі жекелеген пәндер бойынша жүзеге асырылмайды, сол себепті, модульдарда, бірнеше пәндер мазмұнында, іске асатыны назарға алынады.

7.11.3 Құзыреттер әртүрлі пәндерді зерделеу кезінде, сондай-ақ практикалық және өзіндік жұмыстың әртүрлі формаларында қалыптастырылады. Айтылған матрицаны әзірлеу кезінде үлгі пайдаланылады.

7.11.4 Оқыту үдерісінде қалыптастырылу жоспарланатын құзыреттер мазмұнын оқу пәндері құрамы мен олардың бағдарламасы мазмұны анықтайды. Сондықтан да, университетте бағдарланған жұмыстарға, қалыптасқан еңбек нарығына байланысты бітірушінің біліктілік-құзыреттілік сұлбасын толықтыру мен нақтылау әрбір МББББ қарастырылады.

7.12 ҚНББ жүзеге асырудағы оқыту технологиялары мен әдістері

7.12.1 Оқыту технологиясы мен әдістері білім беру технологиясының құраушылары болып табылады. Білім беру технологиясы жоспарланған оқыту нәтижелерін, оқыту формаларын, білім алушы мен оқытушының өзара ықпал ету тәртібін, оқыту әдістері мен құралдарын, оқыту үдерісінің ағымдағы жағдайын және білім алушының меңгеру дәрежесін диагностикалауды қамтиды.

7.12.2 Дайындық бағытындағы жалпымәдени және пәндік саладағы оқытудың сұранысқа ие оқыту технологиялары көрсетіледі.

7.12.3 Оқыту әдістері ретінде оқыту мақсатына қолжеткізуге бағытталған оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекет тәсілдері көрсетіледі.

7.13 ҚНББ оқыту нәтижелерін бағалау

7.13.1 Оқыту нәтижелерін бағалау – аттестаттау түрлері мен бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады.

7.13.2 Бағалау формалары білімдік (когнитивті), іс-әрекеттік (операциялық) және құндылық қатынастарды (аксиологиялық) құраушыларды қамтиды. Бағалау формалары оқыту нәтижелерін құраушыларға сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау объектісі және оған қойылатын талаптар пәннің жұмыс бағдарламасында көрсетіледі (УЕ-ХҚТУ-028-2018).

8 МББББ РӘСІМДЕЛУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 МББББ беттерін рәсімдеуге қойылатын талаптар

МББББ бірінші және екінші беттері қосымша А-ға бакалавр және Б-ға магистратура, докторантура және резидентура сәйкес рәсімделеді.

9 МББББ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

9.1 МББББ нақты сала мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін, білім беру бағдарламасына жауапты кафедра дайындайды, факультеттің академиялық комитет кеңесінде талқыланады.

МББББ СЖРСО эксперттен өткеннен кейін университеттің оқу ісі жөніндегі вице-президентпен, СЖРСО басшысымен, Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі басшысымен келісіледі және университет Академиялық комитетінде бекітіледі.

9.2 МББББ жұмыс берушілердің, бітірушілердің және білімгерлердің талап тілегіне және ҚР БҒМ дайындаған нормативті құжаттарға сәйкес қайта қарастырылуы және (немесе) мамандықтың (бағыттың) оқу жоспарлары қайта өңделуі (өзгеруі) мүмкін.

9.3 МББББ кафедра іс-құжаттарында – дайындаушыларда қағаз және (немесе) электронды тасымалдағышта (нұсқасы) және университеттің СЖРСО, БББӨО-да және ЖБКББӨ –да электрондық тасымалдағышта сақталады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 9 - беті

10. ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

10.1 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне жауапты Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры және Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы болып табылады.

10.2 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президенттер қадағалайды.

11 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Осы ережені талқылау және келісу Академиялық комитет Кеңес отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді, бекітіледі.

11.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының басшысына және Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

11.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын СЖРСО-на сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Ө.Үмбетов

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице президент

Ш. Есимова

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице президент

Пусат Пилтен

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы басшысы

Ж.Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

А.Абсеметов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 10 - беті

А-ҚОСЫМША

ҮЛГІ
Ф-ОБ-001/187

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Университет Сенаты
мәжілісінде бекітілді
Хаттама № __«__»____ 201__ж.
Сенат төрағасы
_____ Б.С.Абдрасилов

_____ **МАМАНДЫҚ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 11 - беті

_____ мамандығының білім беру бағдарламасын жасау
(мамандық коды мен атауы)

бойынша құрылған жұмыс тобының құрамы:

_____ (ОПҚ аты, жөні) _____ (ғылыми атағы мен дәрежесі) _____ (қолы)

_____ (ОПҚ аты, жөні) _____ (ғылыми атағы мен дәрежесі) _____ (қолы)

Жұмыс берушілер:

_____ Мекеме басшысы _____ Мекеменің аты _____ (қолы)

_____ Мекеме басшысы _____ Мекеменің аты _____ (қолы)

_____ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы _____ кафедрасының
мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № ____, « ____ » _____ 201__ ж.

_____ факультеттің ғылыми кеңесінде талқыланды.

Хаттама № ____, « ____ » _____ 201__ ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық комитетте
талқыланды

Хаттама № ____, « ____ » _____ 201__ ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 12 - беті

МАЗМҰНЫ

НЕГІЗГЕ АЛЫНҒАН ҚҰЖАТТАР:

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ

1. Білім беру саласының коды және атауы
2. Даярлау бағытының коды және атауы
3. Мамандық коды (шифры) және атау
4. Берілетін академиялық дәреже
5. Оқу мерзімі
6. Оқу тілі
7. Мамандық даярлығы жүзеге асырылатын факультет атауы
8. Бағдарламаның мақсаты

1. Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар
2. Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-030-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 13 - беті

ҚҰЗЫРЕТТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде _____ мамандығына арналған білім беру бағдарламасындағы метақұзыреттер вертикалды және горизонталды бірігуіне негізделген:

БАКАЛАВРИАТ (EQF-6)	Б1. Оқу-танымдық (1)	Б2. Жеке тұлғалық (1)	Б3. Коммуникативтік (1)	Б4. Кәсіби (1)
---------------------	----------------------	-----------------------	-------------------------	----------------

БАКАЛАВРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

_____ (мамандығы) білім беру бағдарламасын тамамдаған кезде (4 жыл, бакалавр) бітіруші _____ (мамандығы) төмендегі құзыреттерді меңгергенін көрсетуі қажет:

Метақұзыреттер	Құрамдас құзыреттер
Б1. Оқу-танымдық	<p>Б1.1. БІЛІМІН ҚОЛДАНУ: білімін және дағдыларын тәжірибе жүзінде қолданады;</p> <p>Б1.2. СЫНИ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ: ақпараттың артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни көзқараспен бағалай білу, ойлау, өзінің көзқарасын дәлелдей алу және жаңа шешімдер ұсына біледі;</p> <p>Б1.3. АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру және кәсіби салада қолдануға қабілетті.</p>
Б2. Жеке тұлғалық	<p>Б2.1. ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ: кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылу қабілеті.</p> <p>Б2.2. ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: өз уақытын тиімді ұйымдастыруға, жауапкершілікті өзіне қабылдауға, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға қабілетті;</p> <p>Б2.3. ТОПТА ЖҰМЫС ЖАСАУ: топта жұмыс істеуге қабілетті, жаңа шешімдер ұсына біледі, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра біледі, қақтығыстарды шешуге қабілетті;</p> <p>Б2.4. ЭТИКА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды біледі және кәсіптік қызметінде қолданады; өзге халықтардың мәдениетіне толерантты.</p>
Б3. Коммуникативтік	<p>Б3.1. ҚОҒАМ ЖӘНЕ КӘСІБИ ОРТАДА КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерін жүйелі, сауатты, дәлелді және нақты қолдану</p>
Б4. Кәсіби	

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-030-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 14 - беті

БАКАЛАВРИАТ МОДУЛЬДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ:

№	Модуль аты	Б1.Оқу-танымдық	Б2. Жеке тұлғалық	Б3.Коммуникативтік	Б4. Кәсіби

БАКАЛАВРИАТ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ:

Модуль	Пәндер	Б1			Б2				Б3	Б4		
		Б1.1	Б1.2	Б1.3	Б2.1	Б2.2	Б2.3	Б2.4	Б3.1	Б4.1	Б4.2	Б4.3

**ҚҰЗ
ЫРЕ
ТТІЛ
ІК
БАҒ
ЫТП
ЕН
ОҚЫ**

ТУДАҒЫ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Пән аты	Меңгерілетін құзыреттер	Когнитивті домен	Психомоторлы домен	Аффективті домен

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

(мамандығы)

№	Құзыреттер	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-030-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 15 - беті

Әр пәнде игерілген құзыреттерге сай оқытудың соңғы нәтижелері көрсетілген үш доменге сәйкес қалыптасады:



БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Әр пәнді (модульді) оқыту барысында меңгерілуі тиіс құзыреттерге қатысты домендердің соңғы нәтижелері пән оқытушысы тарапынан семестр бойы жүйелі түрде бақыланып, бағаланып отырады. Ол үшін кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан алдын-ала келесі шаралар жүзеге асырылады:
 - 1.1 Пәннің мақсаты мен міндеттеріне оқыту формаларына, оқытудың соңғы нәтижелері және меңгерілуі тиіс құзыреттердің ерекшеліктеріне қарай оқытушы мен білім алушының элементтері, оқыту әдістері және ағымдық бақылау формалары таңдалады, пән силлабусында көрсетіледі.
 - 1.2 Таңдалған бақылау формаларының пәнге қатысты маңыздылықтары ескеріле отырып семестрге тиесілі 100 балдық ұпай бақылау формаларына (теңдей бөлінуі шарт емес) бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 16 - беті

- 1.3 Әр бақылау формасының семестр бойы қайталану саны (күнделікті, әр аптада, семестрде 1, 2 немесе 3 рет т.б.) анықталады және формаға тиесілі ұпай біркелкі бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.
2. еместр барысында кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан келесі шаралар жүзеге асырылады:
 - 2.1 Білім алушылардың бақылау формалары талаптарын семестр бойы жүйелі түрде орындауы ұйымдастырылады және орындау нәтижелері өз уақытында бағаланып отырады.
 - 2.2 Жеке алынған бақылаудың бағасы 1.3 бапта көрсетілген ұпайдан артық бола алмайды және міндетті түрде орындалған жұмыс/ меңгерілген құзырет деңгейіне байланысты максимал ұпайдың сәйкес бөлігін құрайды.
 - 2.3 Пәндер бойынша бақылау нәтижелері әр апта сайын білім алушымен, семестріне екі рет кафедра мәжілісінде және факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, білім беру сапасын жақсарту шаралары қабылданады.
 - 2.4 Семестр соңында білім алушының пән ішіндегі бақылау формаларының барлығы бойынша жиынтық ұпайы анықталып, университеттің “Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі” талаптарына сәйкес аралық аттестацияға жіберу/жібермеу жайлы шешім қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 17 - беті

Б-ҚОСЫМША

ҮЛГІ
Ф-ОБ-001/187

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

«БЕКІТЕМІН»

Президент университета

_____ Б.Абдрасилов/ Университет

Академиялық комитетінде қаралды/

Хаттамасы № « _____ » _____ 2019 ж./г.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама деңгейі

Кадрларды дайындау бағытының атауы және коды:

(Білім беру бағдарламасының атауы және коды)

2019 жылғы қабылдау

Оқу мерзімі:

2 ЖЫЛ

Түркістан

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-030-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 18 - беті

ӘЗІРЛЕГЕН

Білім беру бағдарламасын жасау бойынша құрылған жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс берушілер

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Факультеттің академиялық комитет кеңесінде қаралған

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2019 ж.

Университеттің академиялық комитет кеңесінде қаралып мақұлданған

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2019 ж./у./г./у

КЕЛІСІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Факультет деканы

**Академиялық инновация және жоғары білімнен
кейінгі білім беру ісі жөніндегі
вице-президенті**

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 19 - беті

МАЗМҰНЫ

НЕГІЗГЕ АЛЫНҒАН ҚҰЖАТТАР:

КІРІСПЕ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Оқуға қабылдануға қойылатын арнайы талаптар:

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	
Берілетін дәреже	
Қолдану саласы	
Білім беру бағдарламаның академиялық кредит көлемі	
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Маманның лауазымдарының тізімі	
Кәсіби қызмет саласы	
Кәсіби қызмет объектісі	
Кәсіби қызмет функциялары мен түрлері	

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МАГИСТРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ МЕН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

білім беру бағдарламасын тамамдаған кезде (жыл, магистр, докторантура) бітіруші төмендегі құзыреттерді меңгергенін көрсетуі қажет:

Метақұзыреттер	Құзыреттер	Оқыту нәтижелері
M1. Оқу-танымдық/	<i>M1.1. Білімін қолдану</i>	
	<i>M1.2. Ақпаратты сыни ойлау арқылы басқару</i>	
	<i>M1.3. Ақпараттық</i>	

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-030-2019</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі		23 беттің 21 - беті

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау (блок);

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық, аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда студенттердің білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Аудиториялық сабақ кезінде ағымдық бақылау жүргізіліп, білім алушының өзіндік тапсырмаларының орындалу сапасын бақылау жүргізіледі. Оқу үдерісі барысында 7 және 15 аптасында жинақталған балдық көрсеткіштері бойынша 2 аралық бақылау нәтижелері жинақталады.

Ағымдық бақылаудың қорытынды нәтижелері «Platonus» жүйесіндегі тізімдемеге балдық көрсеткіштермен апта сайын қойылады. I-ші және II-ші аралық бақылаудың нәтижелері тізімдемелерде тіркеледі.

Әр аралық бақылаудың жоғары көрсеткіші 100 баллдан тұрады. Аралық бақылаудың қорытындысы белгіленген аттестациялық аптаның сенбісінен кешіктірілмей электрондық жүйедегі аралық бақылау тізімдемесіне қойылады.

Пән бойынша білім алушыларға оқытушылар «Platonus» жүйесіне бағалардың мерзімінде қойылуын деканат ұйымдастырады.

Бағасын көтеру мақсатында аралық бақылау нәтижесін өзгертуге жол берілмейді.

Білім алушы дәлелді себептермен (денсаулық, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) аралық бақылауға қатыса алмаған жағдайда, дәрігерлік анықтама немесе ресми құжат негізінде факультет деканының өкімімен аралық бақылау мерзімі ұзартылады.

Білім беруді ұйымдастырудың тиімділігін, сапасының деңгейін және білім алушылардың білім жетістіктерін анықтауды университетте Академиялық мәселелер жөніндегі департамент іске асырады.

Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауының нәтижесі білім алушының семестр бойы жұмысының көрсеткіші ретінде ағымдық аттестаттау болып табылады.

Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауы олардың үлгерімін және сабақтарға қатысуларын анықтауды көздейді, олардың қатынасы бақылау кезеңіндегі әр білім алушының оқу кезіндегі және материалды игеру кезіндегі белсенділігін білдіреді.

Ағымдық бақылау кезінде білім алушының сабақтардағы белсенділігі, бақылау шараларын дер кезінде өткендігі, теориялық сабақтарды игеру дәрежесі, тәжірибелік машықтану дәрежесі, өзіндік жұмысқа қабілеттілігі ескеріледі.

Ағымдық бақылау нәтижелерін білім алушылар «Platonus» жүйесінен көре алады.

I-ші және II-ші ағымдық бақылаудың орташа нәтижесі 50 ұпайға жеткен жағдайда білім алушы емтиханға жіберіледі. «Platonus» жүйесіне II-ші ағымдық бақылаудың нәтижелері 15-аптаның соңғы күні сағат 14-00-ге дейін қойып аяқталуы деканат, тіркеуші офис тарапынан қадағаланады.

Факультет деканы екі аралық бақылау нәтижесінде (1-ші, 2-ші аралық бақылаудың арифметикалық орта мәні) 50 балдан кем емес ұпай жинаған, төлемақыдан (ақылы оқитындар үшін) қарызы жоқ, академиялық демалыста жүрмеген білім алушыларды емтиханға жіберу өкімін 15-аптаның соңғы күні сағат 15-00-ге дейін дайындайды, білім алушыларға хабарлайды, көшірмесі ОІҰО өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды бағаны санау үшін білім алушы екі аралық бақылаудың нәтижесі бойынша және емтихандық (қорытынды) бақылау бойынша оң бағалар алуы қажет. Қорытынды бағаны санау мына формула бойынша жүргізіледі: Қорытынды баға = $(АБ1+АБ2)/2 \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$

